

Бекітемін:
Мектеп директоры
А.М.Юсупова



«31» 08 2023ж

Келісемін:
Оқу ісінің меңгерушісі:
Е.Ө.Әмірбеков

«31» 08 2023ж

**Жаратылыстану пәндер
әдістемелік бірлестігінің
2023-2024 оқу жылына арналған
жұмыс жоспары**

Бірлестік жетекшісі: Роза Тастанбекқызы Досыбаева

Бірлестік мүшелері:

1. Салыбеков Омар Тілеуұлы – дене шынықтыру пән мұғалімі
2. Наурызбаева Фарида – музыка пәні мұғалімі
3. Досыбаева Роза Тастанбековна – география пәні мұғалімі
4. Жарқынбаева Анаркүл Абдулла – биология пәні мұғалімі
5. Джангутова Айнур Сулейменқызы – химия пәні мұғалімі
6. Мирзабаев Арманбек Мейманқұлұлы – дене шынықтыру пәні мұғалімі
7. Даулетбаев Сакен Бақытжанұлы – дене шынықтыру пәні мұғалімі
8. Жолмуханов Асылжан – дене шынықтыру пәні мұғалімі
9. Ұйсымбаев Нурболат – дене шынықтыру пәні мұғалімі

Жаратылыстану пән бірлестігінің тақырыбы:

Оқытудың жаңа технологияларын жаратылыстану пәніне пайдалана отырып, мәдениетті, экологиялық сауатты, белсенді, шығармашылыққа бейімделген тұлға қалыптастыру

Жаратылыстану пән бірлестігінің өзекті мәселесі

Химия, биология, география, музыка, дене шынықтыру пәндері бойынша жаңа технологиялық әдіс-тәсілді қолдану, кәсіби тұлғалық құзыреттілікті терең меңгеру, экономикалық сауатты тұлғаны дамыту

Мақсаты

Мұғалімдердің жаңашылдық, зерттеушілік және шығармашылық дағдыларын арттыра отырып, кәсіби құзыреттілігін дамыту

Міндеттері:

- Бірлестік мұғалімдерінің өз білімін жаңашылдық, шығармашыл бағытта көтеру;
- Білімін жетілдіру мақсатында курстардан өту (кесте бойынша)
- Озат тәжірибелерді үнемі сабақта пайдалану, білімін жаңа технологиялық әдістерімен толықтырып отыру;
- Оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатында зерттеушілік, шығармашылыққа баулу;
- Сыныптан тыс іс-шараларға шығармашылық ізденіспен қатыстыру;
- Үлгерімі оқушымен жұмыс түрін ұйымдастырып, нәтиже беру;
- Дарынды оқушымен жұмыс түрін ұйымдастырып, нәтиже беру;



«№11 санаториялық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылындағы «Жаратылыстану» пәндер әдіс бірлестігіндегі мұғалімдері жайлы мәлімет

қ/с	Мұғалімнің аты-жөні	Туылған күні, айы, жылы	Бітірген оқу орны	Мамандығы	Білімі	Сабақ беретін пәні	Өтілі
1	Салибеков ОмарТілеуович	30.01.64	ОҚМУ	Дене шынық. мәдениеті	Жоғары	ДТІЖО дене шынық.	40
2	Наурызбаева Фарида Айдарбековна	05.08.75	ОҚМУ	Музыка	Жоғары	Музыка	30
3	Жарқынбаева Анаркул Абдуллаевна	17.01.84	ХҚТУ	Химия ж/е биология	Жоғары	Биология ж/е химия	16
4	Досыбаева Роза Тастанбековна	29.01.85	ОҚПУ	Тарих ж/е география	Жоғары	География	17
5	Мирзабаев Арманбек Мейманқұлович	16.07.86	ШӘПУ	Дене шын.ж/е спорт	Жоғары	Дене шынық.	16
6	Дәулетбаев Сакен Бахытжанович	27.11.86	ХТУ	Дене шын.ж/е спорт	Жоғары	Дене шынық.	16
7	Джангутова Айнур Сулейменовна	05.10.85	ҚГЖП	Химия ж/е ббиология	Жоғары	Химия	18
8	Уйсимбаев Нурболат Қуанышбаевич	22.07.84	ШӘПУ	Дене шын.ж/е спорт	Жоғары	Дене шынық	1
9	Жалмуханов Асылжан Бауыржанұлы	01.10.93	ҚСТА	Дене шын.ж/е спорт	Жоғары	Дене шынық	7

«№11 санаториялық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылындағы «Жаратылыстану» пәндер әдіс бірлестігіндегі мұғалімдерінің біліктілік арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәлімет

ҚІС	Тегі, аты, әкесінің аты	Тақырыптың атауы	Оқыған орны мен кезеңі	Оқыған ұйымның атауы	Сағаттар саны және жұмыс өтілі	Аяқталу нысаны
1	Салибеков ОмарТилеуович	«Қашықтықтан оқыту жағдайындағы педагогикалық менеджмент»	21.02.2022ж	«Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»	80 сағ	21.02.2027ж
2	Наурызбаева Фарида Айдарбековна	«Музыка пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту»	18.06.2021ж	«Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»	80 сағ	18.06.2026ж
3	Жарқынбаева Анаркул Абдуллаевна	«Биология мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту 7-9 сыныптағы қиын тақырыптар»	25.08.2023ж	«Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»	80 сағ	25.08.2028ж
4	Досыбаева Роза Тастанбековна	«10-11 сыныптарда күрделі тақырыптар бойынша география мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін дамыту»	16.06.2023ж	«Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»	80 сағ	16.06.28ж
5	Мирзабаев Арманбек Мейманкулович	«Дене шынықтыру сабағында оқушылардың бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру»	01.04.2017ж	«Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»	40 сағ	01.04.2022ж
6	Дәулетбаев Сакен Бахытжанович	«Дене шынықтыру сабағында оқушылардың бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру»	01.04.2017ж	«Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»	40 сағ	01.04.2022ж
7	Джангутова Айнур Сулейменовна	«Колледжде химияны оқыту; басымдықтар және жетілдіру стратегиялары»	12.07.2023ж	HIS	72	12.07.2028ж
8	Уйсимбаев Нурболат	-	-	-	-	-
9	Жалмуханов Асылжан Бауыржанұлы	-	-	-	-	-

I. Ұйымдастыру – педагогикалық жұмыстар

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Жаратылыстану бірлестігінің жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жасап, бекітуге ұсыну	тамыз	Бірлестік жетекшісі
2	Бірлестік мүшелерін жаңа оқу жылында жүргізілетін жұмыстармен таныстыру	Қыркүйек	Бірлестік жетекшісі
3	Бірлестік мүшелерінің жұмыс жоспары: • Күнтізбелік тақырыптық • Кабинет жұмысының жоспарларын қарап, талдап бекітуге ұсыну	Қыркүйек	Бірлестік жетекшісі, мүшелері
4	Бірлестіктің ұйымдастыру отырысын өткізу, пәндік апталық, ашық сабақ сыныптан тыс шараларды, баяндама т.б. белгілеу	Қыркүйек	Бірлестік жетекшісі, бірлестік мұғалімдері
5	Пәндік олимпиадаға, үйірме сабақтарға, зерттеу жұмыстарына оқушы іріктеу	Қыркүйек	Пән мұғалімдері

II. Оқушылармен жұмыс

№	Іс-шара	Мерзімі	Жауаптылар
1	Сабақ беретін сыныптар бойынша дарынды, қабілетті оқушылар мен шығармашылықпен айналысатын тізімін алу, жоспарын жасау	Қыркүйек	Бірлестік жетекшісі, бірлестік мұғалімдері
2	Оқушылардың мектепшілік олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу	Қыркүйек	Пән мұғалімдері
3	Химия, биология, география, музыка, дене шынықтыру пәндік кештер, аптылықтар, сайыстар ұйымдастыру, оқушының қатысуын бақылау	Кесте бойынша	Бірлестік жетекшісі, бірлестік мұғалімдері
4	Оқушыларды қашықтық олимпиадасын қатысуын, өз бетінше білім алуын ұйымдастыру	Уақытында	Бірлестік жетекшісі, бірлестік мұғалімдері
5	Оқушыларды интеллектуалдық сайыстар ұйымдастырып қатыстыру	Уақытында	Бірлестік жетекшісі, бірлестік мұғалімдері
6	Үлгерімі төмен, дарынды оқушылардың жұмыстарын қорыту	Жыл аяғы, мамыр	Бірлестік жетекшісі, бірлестік мұғалімдері



III. Инновациялық жұмыс

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Озық педагогикалық идеялар мен басшылыққа алынуға тиіс құжаттарды оқып, үйрету	Жыл бойы	Бірлестік жетекшісі
2	Шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдердің іс-тәжірибесін зерттеу, жинақтау, тарату	Жыл бойы	Бірлестік жетекшісі, бірлестік мұғалімдері
3	«Дене сергіту» челленджін ұйымдастыру	Қыркүйек	Дене шынықтыру пән мұғалімдері
4	«Білім беруді жаңарту жүйесіндегі білім сапасын бағалау әдістері» (баяндама)	Қаңтар	Жарқынбаева Анаркүл
5	Жаратылыстану пәндер апталығын өткізу	Уақытында	Бірлестік жетекшісі, бірлестік мұғалімдері
6	Жаңашыл әдіс-тәсілдермен өткізген сабақтарын іс-тәжірибелерін ақпараттық құралдар арқылы көрсету	Желтоқсан	Пән мұғалімдері
7	«География пәнін өтуде жаңа оқыту технологияларының маңызы» (баяндама әдістемелік отырыс)	Қараша	Досыбаева Роза
8	Дөңгелек үстел: Бірлестік мұғалімдерінің инновациялық технологияларды қолдана отырып, кәсіби құзырлылығын меңгеру (оқу жылына талдау) мониторинг шығару	Мамыр	Бірлестік жетекшісі, бірлестік мұғалімдері

IV. Педагогикалық шеберлікті арттыру

№	Іс-шара	Мерзімі	Жауаптылар
1	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері кәсіби біліктілікті арттыру курсына жіберуге ұсыныс беру	Кесте бойынша	Бірлестік жетекшісі
2	Мектепшілік өткізілетін сайыстарға пән мұғалімдерін қатыстыру	Қараша	Пән мұғалімдері
3	Жаратылыстану бірлестігі пән мұғалімдерін интернет желісінде өтетін қашықтық олимпиадасына, сырттай олимпиадаға қатыстыру	Уақытында	Пән мұғалімдері
4	Жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, ашық сабақ сабақтар беру, сыныптан тыс шаралар өткізу	Наурыз	Бірлестік мұғалімдері
5	Оқу-әдістемелік құралдар мен дидактикалық материалдар дайындау шеберлігін жетілдіру	Сәуір	Бірлестік мұғалімдері



V. Жаратылыстану пәндер әдістемелік бірлестігінің отырысы

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	I отырыс 1. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен танысу. 2. Бірлестіктің өткен 2022 - 2023 оқу жылындағы жұмысына талдау жасау және жаңа оқу жылына жұмыс жоспарын талқылау, бекіту. 3. Тақырыптық-күнтізбелік жоспар, үйірме сабақтарының жұмыс жоспарын бекіту. 4. Кабинет паспортын жасақтап, бекіту. 5. Online тектер платформасында сабақ жүргізілуі туралы нұсқаулық	Тамыз	Бірлестік жетекшісі мен пән мұғалімдері
2	II отырыс 1. I тоқсан қорытындысы сапа, мониторинг; 2. Мектепшілік олимпиадаға дайындалу 3. «География пәнін өтуде жаңа оқыту технологияларының маңызы» баяндама	Қараша	Бірлестік жетекшісі мен пән мұғалімдері
3	III отырыс 1. II тоқсан қорытындысы (бақылау жұмыстарының талдауын жасау) 2. Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасу, ашық сабақтар өткізу. 3. Баяндама: «Білім беруді жаңарту жүйесіндегі білім сапасын бағалау әдістері» (баяндама)» 4. Түрлі мәселелер	Қаңтар	Бірлестік жетекшісі мен пән мұғалімдері Жарқынбаева Анаркүл
4	IV отырыс 1. III тоқсанды қорытындысы 2. 7-9 сынып оқушыларының химия, биология жұмыс дәптерлерінің жүргізілуін тексеру қорытындысы. 3. Мектепшілік, олимпиада қорытындысы. 4. Пән апталығының өту сапасы мен қорытындысы	Наурыз	Бірлестік жетекшісі Пән мұғалімдері
5	V отырыс 1. IV тоқсан, жылдық қорытынды. 2. Пән мұғалімдерінің жеке шығармашылық есебі 3. Бірлестік жұмысын қорытындылау. 4. Мемлекеттік емтиханға дайындық деңгейі Қорытынды аттестаттау қорытындысы 5. Жаңа оқу жылына мақсат- міндеттер, жаңа жоспар құру.	Маусым	Бірлестік жетекшісі мен пән мұғалімдері

Бірлестік жетекшісі:



Р.Т. Досыбаева

Хаттама №1

«№ 11 санаториялық мектеп – интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылдың тамыз айының отыз бірі күні жаратылыстану пәндер әдістемелік бірлестігінің кезекті отырысы болды.

Қатысқаны: - 9

Қатыспаған: -

- 1. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен танысу.*
- 2. Бірлестіктің өткен 2022 - 2023 оқу жылындағы жұмысына талдау жасау және жаңа оқу жылына жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.*
- 3. Тақырыптық-күнтізбелік жоспар, үйірме сабақтарының жұмыс жоспарын бекіту.*
- 4. Кабинет паспортын жасақтап, бекіту.*
- 5. Online тектер платформасында сабақ жүргізілуі туралы нұсқаулық*

Тыңдалды

1.Әдістемелік нұсқау хат келесі нормативтік құжаттар мен әдістемелік ұсынымдарды қамтиды: - 2023-2024 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарға сілтемелер; - құндылыққа бағдарланған, құзыреттілік, педагогикалық тәсілдерді іске асыру бойынша ұсыныстар; - пәндерді оқытуда функционалдық сауаттылықты (оқу және жазу сауаттылығы, математикалық, ғылыми жаратылыстану сауаттылығы) қалыптастыру бойынша ұсыныстар; - пәндік, және түйінді құзыреттерді; цифрлық құзыреттер мен дағдыларды дамыту бойынша ұсынымдар. Білім беру процесінде білім алушы басты назарда тұруы тиіс. Барлық оқыту процесі оған қолайлы әрі қауіпсіз орта құруға бағытталуы қажет. Алдағы оқу жылында үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау өзекті міндет болады. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады. Құрметті ұстаздар! Бұл әдістемелік нұсқау хат Сіздерге алдағы оқу жылында білім беру процесін сапалы ұйымдастыруда тиімді әрі пайдалы болады деді.

2. Бірлестік өткен оқу жылында іс-шаралар, спорттық жарыстар, ашық сабақтар , жаратылыстану апталығы өз уақытында өткізілді. Сырға толы сырлы әлем тақырыбында (тәжірибе көреміз) акт залда ұйымдастырылып оқушылар тәжербие көрсетті. 5-9 сыныптар арасында Тоғызқұмалай ойыны , 3-4 сыныптар арасында Толағай жарысы , «Жаңа Қазақстан:Білім көкжиегіндегі жаңа мүмкіндіктер» мектеп аралық мұғалімдер (әйелдер) арасында жарыс ұйымдастырылып оқушылар, мұғалімдер марапатталды.

3. Жаратылыстану бірлестігіне қарасты мұғалімдердің күнтізбелік жоспарларын талқылап, ашық сабақтарды жоспарлау кестес мен үйірме жоспарын мектеп директорының бекітуіне ұсынылатынын айтты. Жоспарды бағдарламаға сай, тиянақты, нақты жазу керектігін ескертіп өтті.

4. Кабинет паспортын жасап бекітуге ұсынылды, кабинеттерді талапқа сай безендіру, Әдістемелік материалдарды топтастыру, гүл отырғызу, қауіпсіздік ережесі, тазалық сақтау ережелеріне жыл бойы қадағалау керектігін айтты.

5. Online тектер платформасында сабақ кестесі қойылып, күнтізбелік тақырыптық жоспар талапқа сай жазылып, фармативті, бжб, тжб бағалары уақытында қойылып тоқсанның соңында мұғалімдердің журналдарды жабуы керектігін айтты.

Шешім етеді:


1. Әдістемелік нұсқау хаттағы сабақ жоспары, қысқа мерзімді жоспар, іс-шаралар жоспарға сай жүргізілсін
2. Бірлестікте жоспарланған іс-шараларды уақытында өткізілді, келесі оқу жылындағы жоспарды нақты, тиянақты жоспарланды
3. Жоспарды бағдарламаға сай, тиянақты, нақты жазу керектігін ескертіп өтті.
4. Пән кабинеттері талапқа сай жабдықталынсын
5. Online тектер платформасы уақытында жүргізіліп, толтырылып отырсын

Бірлестік жетекшісі:



Р. Досыбаева

Хатшысы:



А.Жарқынбаева

Хаттама №2

«№ 11 санаториялық мектеп – интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылдың қараша айының
екісі күні жаратылыстану пәндер әдістемелік бірлестігінің кезекті отырысы
болды.

Қатысқаны: - 9

Қатыспаған: -

Күн тәртібінде:

- 1.1 тоқсан қорытындысы сапа, мониторинг;
2. Мектепшілік олимпиадаға дайындалу
3. «География пәнін өтуде жаңа оқыту технологияларының маңызы» баяндама

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Р. Досыбаева сөз алды.

Ол өз сөзінде ең бастысы, оқушылардың сабақты әрбір сабақ сайын берген жақсы жауаптарын мадақтап отыру, жеке, жұппен, топта жұмыс жүргізу, сабақты жиі сұрау, балалардың өз пікірін еркін айтуға үйрету керектігін ескертті. Химия пәнінен бірінші тоқсан қорытындысы Химия пәнінің мұғалімі Джангутова Айнұр 8а, 8б, 9а, 9б сыныптардың білім сапасы 55%, орта баллы 3,8 құрады. Биология пәнінен бірінші тоқсан қорытындысы. Жаратылыстану, биология пәнінің мұғалімі Жарқынбаева Анаркүл 5а, б жаратылыстану, 7-8-9 а, б сыныптардың биология пәнінен білім сапасы 67%, орта баллы 3,9 құрады.

Жаратылыстану, география пәнінен бірінші тоқсан қорытындысы. Жаратылыстану, география пәнінің мұғалімі Досыбаева Роза білім сапасы 61%, орта баллы 3,8 құрады

2. Мектепшілік бақылауда оқушылардың білім жетістіктерін сырттай бақылауға дайындық ретінде пән сабақтарында функционалдық дайындықтарын арттыру жұмыстарын жүйелеу. Оқушыларды өмірге және күнделікті жазғаяттарға даярлау, оқыту мен тәрбиелеу барысында оқушылардың қабілеттерін үйлесімділігі мен дарындылығын дамытуда мұғалімдер назарда ұстап жүйелі жұмыс жасау керектігі айтылды.

3. Үшінші мәселе бойынша география пәнінің мұғалімі Досыбаева Роза сөз алды «География пәнін өтуде жаңа оқыту технологияларының маңызы» тақырыбында баяндама оқыды. Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі мектептегі білім беру жүйесінің қазір дүние жүзінде оқытудың тиімді жолдары мен жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру жүріп жатыр. Солардың бірі үздіксіз географиялық білім беру болып табылады. Оның алдына қойған негізгі мақсаты: адамдардың өмірінің әр түрлі кезеңдерінде үздіксіз білім алуға жағдай жасау; адамдардың өз бетінше білім жинақтауға шығармашылықпен қызмет етіп, тез өзгеріс өмірге бейімделуіне жағдай жасау; оқушылардың жаңалықтарды тез қабылдауын қалаптастыру, жаңалықтарды өмірде қолдана білуге үйрету

Жалпы білім беру жүйесіне енгізілген жаңалыққа оқушылардың білімін тексеруде:

- топпен жұмыс істеуді ұйымдастыру;

- оқушының өзін-өзі тексеруі;
- оқушылардың бірін-бірі тексеруі;
- оқытудың модельді жүйесі;
- дарынды балалармен жұмыс істеудің жаңаша әдіс-тәсілдерін қолдану жатады.

Оқу процесінде қолданылатын ең тиімді технологиялардың бірі - оқу жүйесі арқылы іске асатын педагогикалық технологиялар болып табылады. Бұл жағдайда оқу процесін ұйымдастырудың негізгі формасы - сабақ өзгереді. Оның өзгеруі мектептің білім беру тұжырымдамасымен байланысты. Қазіргі сабақтардың ерекшеліктері бірлесе жұмыс істеу атмосферасы, оқушылармен қарым-қатынасындағы өзгеріс, оларды оқуға, ұстаз еңбегіне араластыру. Сондықтан да ұстаз сабақ барысында күшін оқушылардың танымдық әрекетін өздігінен ұйымдастыруды үйретуге жұмсайды. Егер де сабақты шығармашылық бағытта өткізсе, сабақ біркелкі, күнделікті, жалықтыратындай болмайды.

Оқыту барысында ойындар әрқашан оқу материалдарымен байланыста болады, әрі оқушыларды қызықтыратын жағдай туғызады. Ол оқушыларға оқу мәліметтерін тез әрі жеңіл қабылдауға көмектеседі

Жаратылыстану пәндер әдіс бірлестігі жоғардағы мәселелерді талқылай келе
Қаулы етеді:

1.Ітоқсан қанағаттанарлық, жақсы деп табылсын.
Оқушылардың үлгерімі, білім сапасы арттырылсын.

2. Пән олимпиадасы өз уақытында өткізілсін.

3. «География пәнін өтуде жаңа оқыту технологияларының маңызы» тақырыбындағы баяндама жақсы деп табылсын

Бірлестік жетекшісі :



Р. Досыбаева

Хатшысы :



А.Жарқынбаева

Хаттама №3
«№ 11 санаторий типтес арнаулы мектеп – интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылдың қаңтар айының
төртінші күні жаратылыстану пәндер әдістемелік бірлестігінің кезекті отырысы
болды.

Қатысқаны: - 7

Қатыспаған: -1

Күн тәртібінде:

- 1. II тоқсан қорытындысы (бақылау жұмыстарының талдауын жасау)*
- 2. Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасу, ашық сабақтар өткізу.*
- 3. Баяндама: «Білім беруді жаңарту жүйесіндегі білім сапасын бағалау әдістері» (баяндама)»*
- 4. Түрлі мәселелер*

Тыңдалды:

1 Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Досыбаева Роза Білім беру субъектілерін қазіргі заман талабына сай жаңа технологияларды пайдаланып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру – әр ұстаздың міндеті екенін айтты. Жаңа білім жүйесінің басты мәселесі-білім беру мазмұнының негізгі идеясын анықтап алу керектігін, білім сапасын жақсарту, үнемі алға ұмтылу, іздену керектігін, оқушының білім сапасын жүйелеу күнделікті сабақ барысында іске асатынын айтты, Қазақстан Республикасы болашақта өсіп өркендеп, алдыңғы қатарлы өркениетті елдердің бірі болуы бүгінгі жастарды жоғарғы дәрежелі білімді, мәдениетті маман етіп тәрбиелеуге тікелей байланысты екенін айтты.Әр пән бойынша II тоқсан БЖБ,ТЖБ талдауларын салыстырып оқушылардың үлгерімі мен білім сапасындағы жетістіктер мен кемшіліктерге тоқталды

2 Екінші мәселе бойынша , мұғалімнің өзара тәжірибе алмасу ашық сабақтар өткізу мәселелеріне Досыбаева Роза тоқталды. II тоқсанда химия, биология пәндерінің мұғалімі А.Джангутова, А. Жарқынбаева, география пәнінің мұғалімі Р . Досыбаева , дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері С.Даулетбаев, А. Мирзабаевтар тартымды ашық сабақтар өтілгенін айтты.

Озық педагогикалық тәжірибені байыту , өз білімін көтеру жоспарын толықтыру, баға нормасы, үлгерімі төмен оқушылар мен дарынды балалармен жұмыс жүргізу , оларды жоспарға сай жүргізу керектігін айтты.

3. Үшінші мәселе бойынша биология пәнінің мұғалімі Жарқынбаева Анаркул сөз алды «Білім беруді жаңарту жүйесіндегі білім сапасын бағалау әдістері» тақырыбында баяндама оқыды.Оқушылардың пән бойынша оқу жетістіктері екі тәсілмен бағаланады:қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Критериалды бағалау жүйесін қолдану арқылы біз оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттаймыз, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұлғалы нәтижеге,бағытқа жеткіземіз, білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез-келген кезде анықтаймыз, әртүрлі жұмыстардан алынған бағаларды дифференциалдауға қол жеткіземіз.

4. Әр түрлі мәселелер

Бірлестік жетекшісі Досыбаева Роза кабинет жетекшілеріне кабинеттерді безендіру, озық педагогикалық тәжірибені байыту, баға нормасы, үлгерімі төмен

оқушылар мен дарынды балалармен жұмыс жүргізу оларды жоспарға сай жүргізу керектігін айтты.

Жаратылыстану пәндер әдіс бірлестігі жоғардағы мәселелерді талқылай келе
Қаулы етеді:

1. III тоқсан қанағаттанарлық жақсы деп табылсын. Оқушылардың үлгерімі, білім сапасы арттырылсын.
2. Әр сабақ сапалы да нәтижелі өткізілсін.
3. «Білім беруді жаңарту жүйесіндегі білім сапасын бағалау әдістері» тақырыбындағы баяндама жақсы деп табылсын

Бірлестік жетекшісі :



Р. Досыбаева

Хатшысы :



А. Жарқынбаева